

Бекітемін:
ЖІНС «Бакжан»
бөбекжай-бақшасының меңгерушісі:
 Туримбетова Г.К.
№1 педкеңесте 31.08.2022ж



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 – 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

«Қарлығаш» мектепалды тобы

Тәрбиеші: Әліпбек А.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы ЖШС «Бақжан» бөбекжай-бақшасы

Топ «Қарлығаш» мектепалдытобы

Балалардың жасы 5-жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы
қыркүйек айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қыркүйек	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, 2) Жүгіру: шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап, бір сызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" ирелеңдеп, кедергілерден өту арқылы, табиғи жағдайларда кедергілерден өту арқылы, түрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 мин тоқтаусыз жүгіру; Жүгіру. Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.
	Көркем әдебиет	Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажыратуды үйрету.
	Сауат ашу негіздері	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.

Қазақ тілі	Балабақшақызметкерлері.Балабақша қызметкерлеріментаныстыру.Балабақшадағы қызметкерлерінің атынбілу,қарапайымсұрақтарқою және оларға жайсөйлеммен жауап беругеүйрету. Біздіңтоп.Топтағы заттардыңатауынеске түсіру,жекеше-көпшетүрде айтуға үйрету.Не?Нелер? сұрақтарынадұрыс жауапберугежаттықтыру,жаңылтпашжаттау,қазақ тіліне тәндыбыстарды дұрысайту. Меніңойыншықтарым.Балалардыңсөздік қорларын байыту,ойыншықтардыңқазақша аталуын естесактауға жаттықтыру,жұмбақтар жасырыпшешуге үйрету. Ойыншықтар туралықысқамәтіндерқұрауды дағдыландыру,сұраққа толықжауапберуді жетілдіру.
Математика негіздері	Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру. Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету. Еңбекке баулу. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран және т.б.) кеңейту.
Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.
Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу.

		Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.
	Жапсыру	Заттық жапсыру: Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.
	Музыка	Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен;

Ескерту: перспективалық жоспарды тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музыка жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін құрастырады.

Әдіскер: Туримбетова Г.К.



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы ЖШС «Бақжан» бөбекжай-бақшасы

Топ «Қарлығаш» мектепалды тобы

Балалардың жасы 5-жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы
қазан айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қазан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Тепе-теңдікті сақтау. Заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру Секіру. бір орында тұрып, алға қарай 3—4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 м), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөйлеудің интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпіндіреттеу. Сөздік қор: Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен айту.

Көркем әдебиет	Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.
Сауат ашу негіздері	Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.
Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Көкөністер. Көкөністердің қазақша аталуын үйрету. Жаңылтпаштар жаттау, көкөністердің қазақша аталуларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету. Тілге қызығушылықтарын арттыру, жаңа сөздердегі дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Жемістер. Балаларды жемістердің қазақша аталуымен таныстыру. Жемістердің қазақ тілінде атай білуге шағын өлеңдерді жатқа атай білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту. Менің отбасым. Менің есімдігімен таныстыру. Отбасым мүшелерін қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту. Үлкенге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. Мамандықтың бәрі жақсы. Мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету.
Математика негіздері	Жиын. Бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Сан және санау. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен

	жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. Еңбекке баулу. Әртүрлі мамандықтар, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау. Бала, оның отбасы, үйі:Туыстық байланыстардытүсіну (өз жұрты атасыменәжесі,жақынтуыстары,нағашыжұрты),өзініңжетіатасынбілу. Үйдеотбасымүшелеріне қамқорлықжасау,үлкендердісыйлау,кішігеізеткөрсету,үйшаруасынақ өмектесу,отбасымүшелеріне жақсыкөретінін білдіру, алғысайту,сыпайысөйлеу.
Құрастыру	Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (такия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру.
Сурет салу	Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар). Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу) Заттардың пішіндеріне,бөліктердіңсалыстырмалы өлшемінежәне олардыңорналасуына сүйенеотырып, түстер менолардыңреңктерінберу.
Мүсіндеу	Заттық мүсіндеу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.
Жапсыру	Заттық жапсыру: Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.
Музыка	Музыка тыңдау. Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің

		шығармаларымен таныстыру. Ән айту. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.
--	--	---

Ескерту: перспективалық жоспарды тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музыка жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін құрастырады.

Әдіскер: Туримбетова Г.К.



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы ЖШС «Бақжан» бөбекжай-бақшасы

Топ «Қарлығаш» мектепалдытобы

Балалардың жасы 5-жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы
қараша айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қараша	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Еңбектеу, өрмелеу. Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 м); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу. Бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу. Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 м) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 м). Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. Сөздік қор Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. Сөздік қор. Сөйлегенде

	көпмағыналысөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Сөздік қор. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолданудағы дылаларың қалыптастыру
Көркем әдебиет	Өлеңдерді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.
Сауат ашу негіздері	Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерін етаныстыру.
Қазақ тілі	Менің дене мүшелерім. Дене мүшелерінің қазақша атауын, сөздер мен сөйлемдерде қолдануға, жұмбақ, мақал-мәтел үйрету. Жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға, тіл мәдениетін жетілдіру. Қанша? Санау. Санауға қазақ тілінде үйрету. Санамақтар жаттау, тура және кері санау. Сөздерді сөйлемдерді байланыстырып құрауды дамыту. Апта күндері. Балаларды апта күндерін етаныстыру. Апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, естесі ақтауға үйрету. Менің Отаным. Балаларға Отан туралы түсінік беру. Тіл мәдениетін жетілдіру, қазақ тілін етән дыбыстарды дұрыс айту, Отан туралы тақпақ үйрету.
Математика негіздері	бкөлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алыптастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. Сан және санау. Сандарды тану және атай білуді үйрету 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру. Шама.

	Заттардың (5 және оданартық)ұзындығын,биіктігін,енімен жуандығынанықтайбілу, заттарды шамасынақарай өсу және кемуретіменорналастыру. Шамасыбойыншазаттардыңарасындағықатынастарды білдіретінматематикалықтерминдердіқолдану.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу. Көлік, байланыс құралдары Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Еңбекке баулу. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Адамгершіліккебаулу Балалардыадамгершілікқұндылықтарға,өзіс-әрекеттері мен басқаадамдардыңіс-әрекеттерін бағалайбілуге,өзініңіс-әрекетіне басқаларпікірінбілдіргенжағдайда ол пікірдідұрыс қабылдауға үйрету.
Құрастыру	Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру.Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.
Сурет салу	Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау. Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу)
Мүсіндеу	Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.

	Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.
Жапсыру	Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию. Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.
Музыка	Музыка тыңдау. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Ән айту. Ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.

Ескерту: перспективалық жоспарды тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музыка жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін құрастырады.

Әдіскер: Туримбетова Г.К.



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы ЖШС «Бақжан» бөбекжай-бақшасы

Топ «Қарлығаш» мектепалдытобы

Балалардың жасы 5-жастағы балалар

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2022-2023 оқу жылы
желтоқсан айы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
желтоқсан	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұғу және тік көтеру. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол - аяқтарын жуу, тіс тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл шүберекпен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.
	Сөйлеуді дамыту	Сөздік қор Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдану білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Сөздік қор Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйіншісұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру

	Қазақ халқының салт-дәстүрлеріментаныстырудыжалғастыру,«асар»,«сүйіншісұрау» дәстүрлерінің мәнінтүсіндіру. Балалардыбір-бірінекөмек қолын созуға,бірлесіп ойнауға үйрету.
Көркем әдебиет	Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. Шешендікке,сөзөнеріне баулу,санамақ, жаңылтпашайту, жұмбақ шешу,айтысөнерінебаулу. Сахналыққойылымдарғақатысуға баулу.
Сауат ашу негіздері	Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Геометриялықфигуралардың,көкөністер,жеміс-жидектердіңжәнет.б.дайынсуреттерініңсыртынконтурдан шығармай бастыру,бояу. Әртүрлі бағыттағытігінен,көлденең,қысқа,ұзын, толқынды, ирексызықтарды, нүктелердіқосу.
Қазақ тілі	Қазақ тіліне тәндыбыстарды,жаңасөздердідұрысайтуғажаттықтыру. Мемлекеттікрәміздері. Мемлекеттік Ту,МемлекеттікЕлтаңбанысипаттай білу үйретуЕлорда–Астана. Елордамен таныстыру.Сөздік қорларын молайту Қыс қызығы.Қыс мезгілініңерекшеліктерінқазақша айтуғаүйрету.Қысқа мәтіндерқұрауды үйрету,жұмбақ,жаңылтпашжаттауғаүйрету. Үйжануарлары.Үйжануарларыментөлдерінқазақшаатаулар ымен таныстыру.Сөздік қорларын молайту,үйжануарларыментөлдерін топтай алуғажаттықтыру.
Математика негіздері	Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Шама. Беттестіру, тұстастыружәне жұппенсалыстыру тәсілдерінқолдана

	отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. Геометриялық фигуралар. Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінментаныстыру.
Қоршаған ортамен таныстыру	Адамгершілікке баулу Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемегуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Менің Отаным – Қазақстан. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік мерекелер, Қазақстан Республикасының рәміздерін, Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемегуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту. Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну.
Құрастыру	Қағаздан құрастыру. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.
Сурет салу	Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын тандау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау. Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен және т. б.) қолдану. Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу) Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді

	ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, өзгерту.
Мүсіндеу	Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану. Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі, торсық және т.б.), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен және т.б.).
Жапсыру	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық және т.б.), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр және т.б.) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.
Музыка	Музыка тыңдау. Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазы, Қорқыт, Тәттімбет, Дина Нұрпейісова, Дәулеткерей Шығайұлы, Ықылас Дүкенұлы шығармаларымен таныстыру. Ән айту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Билер Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.

Ескерту: перспективалық жоспарды тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музыка жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін құрастырады.

Әдіскер: Туримбетова Г.К.



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы ЖШС «Бақжан» бөбекжай-бақшасы

Топ «Қарлығаш» мектепалдытобы

Балалардың жасы 5-жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) 2023 оқу жылы қаңтар айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
қаңтар	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Кеудеге арналған жаттығулар. Артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды). Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). Спорттық жаттығулар Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау; Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөздік қор Бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды

	бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіребілуді жетілдіру. Түбірлессөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.
Көркем әдебиет	Рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.
Сауат ашу негіздері	Нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Геометриялық фигуралардың, көкөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Балаларға үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Сөйлемді ауызшаталдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. Саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.
Қазақ тілі	Жабайы жануарлар. Жабайы жануарлар қазақша атаулары мен таныстыру. Қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. Азық-түлік. Азық-түліктің қазақша атаулары мен таныстыру. Сөздік қорларын тағам атауларымен молайту. Алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға талпындыру. Ұлттық киім. Ұлттық киім қазақша атауларымен таныстыру. Сөздерді қолданып жай сөйлем құруға жаттықтыру.

	Қандайтүстер.Балаларға сөйлемқұратуда сын есімдердіпайдалануға үйрету: түсінсипаттайбілудіменгерту.Қандай?сұрағына жауапберугеүйрету.
Математика негіздері	Шама. Беттестіру, тұстастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып, заттарды салыстыру, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. Геометриялық фигуралар Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. Танымдық- зерттеушілікқызығушылықты,ойлауды,алдынақойылғанміндетті шешуде не істеу, қалайістеуекерекекенінтүсіну. Күрделі формадағызаттардыөзбетіншезерттеуге мүмкіндікберу, қоршаған ортадангеометриялықфигураларға ұқсасзаттардытабу,олардың пішіндерінанықтау. Пішінніңбірформасынанекіншісінқалайжасауекеректігі туралыұғымдардыдамыту, қағаз парағынтең және тең емесбөліктергебөлу.
Қоршаған ортамен таныстыру	Табиғатпен таныстыру Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сұңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Өлітабиғатзаттарын адамның қолыменжасалған заттарданажыратабілу. Өлі табиғатзаттарынадамныңқолымен жасалғанзаттардан ажырата білу.Тірі және өлі табиғат,табиғат құбылыстары(маусым, өсімдік, адамеңбегі)арасындағысебеп-салдарлықбайланыстардыбақылау жәнетүсіну.
Құрастыру	Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.
Сурет салу	Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде). Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жакпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау. Қазақ ою-өрнектерініңсипатын, колоритінжеткізе отырып,көлемді пішіндердібояу,парақтыңортасын,

	бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарына жырату, тіксызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.
